

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру қағидасын және Шетелдіктің тұруға ықтиярхатын және азаматтығы жоқ адамның куәлігін ресімдеу, беру, ауыстыру, алып қою және жою жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2013 жылғы 28 тамыздағы № 523 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 09 қазанда № 8789 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 991 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 04.12.2015 № 991 бұйрығымен.

«Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңының 9-бабының 10) тармақшасына және «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 29 қаңтардағы Заңының 26-бабының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қ о с а б е р і л і п о т ы р ғ а н :

1) Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру қағидасы;

2) Шетелдіктің тұруға ықтиярхатын және азаматтығы жоқ адамның куәлігін ресімдеу, беру, ауыстыру, алып қою және жою жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. М ы н а л а р д ы ң :

1) «Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу ережесін ішкі істер органдарында қолдану жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 3747 болып тіркелген, «Юридическая газета» газетінің 2005 жылғы 19 тамыздағы № 152-153 жарияланған) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 4 маусымдағы № 338 бұйрығының;

2) «Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу ережесін ішкі істер органдарында қолдану жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2005 жылғы 4 маусымдағы № 338 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 4823 болып тіркелген, «Юридическая газета» газетінің 2007 жылғы 15 тамыздағы № 124 (1327) жарияланған) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 25 мамырдағы № 217 бұйрығының күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

3. Қазақстан Республикасы Көші-қон полициясы департаменті (С.С. Сайынов)
) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік
тіркелуін және оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын
қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Осы бұйрық тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми
жариялануға жатады.

Министр Қ. Қасымов
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
І ш к і і с т е р м и н и с т р і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 2 8 т а м ы з д а ғ ы
№ 5 2 3 б ұ й р ы ғ ы м е н
бекітілген

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру қағидасы

1. Жалпы ереже

1. Осы Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан
Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру қағидасы (бұдан әрі – Қағида) «
Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22
шілдедегі Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және шетелдіктер мен
азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруына рұқсат
б е р у т ә р т і б і н а й қ ы н д а й д ы .

2. Осы Қағидада мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) шетелдік – Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын және
өзге мемлекеттің азаматтығына тиесілігінің дәлелдемелері бар адам;

2) азаматтығы жоқ адам – Қазақстан Республикасының азаматы болып
табылмайтын және өзге мемлекеттің азаматтығына тиесілігінің дәлелдемелері
ж о қ а д а м ;

3) көшіп келу – шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ адамдардың
Қазақстан Республикасына уақытша немесе тұрақты тұру үшін келуі;

4) көшіп келуші - Қазақстан Республикасына уақытша немесе тұрақты тұру
үшін келген шетелдік немесе азаматтығы жоқ;

5) этникалық қазақ – шетелде тұрақты тұратын ұлты қазақ шетелдік немесе
а з а м а т т ы ғ ы ж о қ а д а м ;

6) оралман – тарихи отанында тұрақты тұру мақсатында Қазақстан
Республикасына келген және осы Заңда белгіленген тәртіппен тиісті мәртебе
алған, Қазақстан Республикасы егемендік алған кезде одан тыс жерге тұрақты

тұрған этникалық қазақ және оның Қазақстан Республикасы егемендік алғаннан кейін одан тыс жерде туған және тұрақты тұрған ұлты қазақ балалары;

7) бұрынғы отандас – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасында немесе Қазақстан Республикасында туған немесе бұдан бұрын азаматтығында болған және шетелде тұрақты тұратын адам;

8) жол жүру құжаты – шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға Қазақстан Республикасы таныған, мемлекет немесе халықаралық ұйым берген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өтуге құқық беретін шетелдік паспорты немесе өзге құжаты;

9) келуге және кетуге берілетін рұқсат (бұдан әрі - виза) – осыған уәкілеттік берілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының көшіп-қонушының паспортындағы немесе оны ауыстыратын құжатындағы белгісі, ол визада белгіленген уақытқа, мақсаттарда және шарттармен Қазақстан Республикасының аумағына келуге, оның аумағы арқылы жүріп-тұруға, онда болуға және Қазақстан Республикасының аумағынан кетуге құқық береді;

10) Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемелері (бұдан әрі – Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері) – Қазақстан Республикасының шетелде орналасқан дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктері, сондай-ақ консулдық мекемелері;

11) өтініш – шетелдіктің, азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасында уақытша және тұрақты тұруына рұқсат беру туралы жазбаша өтініші;

12) тұрақты тұруға арналған рұқсат - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтаған кезде көшіп келушілерге халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган беретін және оларға Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұру құқығын беретін құжат (бұдан әрі - рұқсат).

3. Рұқсаттарды қабылдауды, қарауды және беруді Астана, Алматы қалаларындағы және облыстардағы ішкі істер департаменттерінің (бұдан әрі - ПД) көші-қон полициясы басқармалары және Ішкі істер министрлігінің (ІІМ) өкілдігі жүргізеді. Аудандық, қалалық ішкі істер бөлімдері (бұдан әрі - ҚАІБ) ПД-нің жекелеген шешімі бойынша қабылдайды.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетімен (бұдан әрі – Қазақстан Республикасы ҰҚК) рұқсаттарды келісу «Бүркіт» бірыңғай ақпараттық жүйесін пайдалана отырып жүзеге асырылады.

5. Қарауға қабылданған және берілген рұқсаттарды есепке алу ақпараттық жүйеде және шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға берілген рұқсаттарды есепке алу журналында Қағидаға 1-қосымшадағы нысан бойынша (бұдан әрі - Журнал) жасалады.

Журналдар нөмірленген, тігілген, сондай-ақ жауапты қызметкердің мөрімен және қолымен куәландырылуы тиіс.

2. Өтініштерді қабылдау

6. Рұқсаттар беру туралы өтінішті көшіп келушілер болып табылатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар:

1) виза санатына қарамастан этникалық қазақтар;

2) «Қазақстан Республикасының визаларын беру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 5 наурыздағы № 08-1-1-1/71 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2013 жылғы 7 наурыздағы № 175 бірлескен бұйрығына (бұдан әрі – Бірлескен бұйрық) сәйкес берілген көшіп келушілердің визаларымен келген ш е т е л д і к т е р ;

3) Қазақстан Республикасында визасыз болудың мүмкіндігін көздейтін келудің және болудың визасыз тәртібі туралы Қазақстан Республикасы келісім жасасқан елдерінің азаматтары береді.

7. Осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру туралы өтінішті Қазақстан Республикасының аумағында заңды негіздерде жүрген шетелдіктер уақытша тіркеу жері бойынша көші-қон полициясы бөлінісіне өздері береді.

Он алты жасқа толмағанның немесе қабілетсіз болып табылатынның өтінішін ата-анасының бірі немесе заңы өкілі береді.

Делдалдық заңды және жеке тұлғалардан құжаттарды қабылдауға жол б е р і л м е й д і .

8. Өтініш өз қолымен шимайсыз мемлекеттік немесе орыс тілдерінде толтырылады. Бланкіні толтыру кезінде қысқартылған сөздерді және аббревиатураларды пайдалануға жол берілмейді. Өтініш бланкісіндегі қамтылған жауаптардың сұрақтары жеткілікті болуы тиіс.

9. Өтінішке мынадай:

1) өтініш берушінің ұлттық паспортының көшірмесі және түпнұсқасы, азаматтығы жоқ адамның құжаты, жарамдылық мерзімі өтініш берген күні күнтізбелік 180 күннен астам болуы тиіс;

бірлескен өтініш берген кезде: баланың туу туралы куәлігі немесе 16 жасқа толмаған баланың жеке басын растайтын баланың туу туралы куәлігі немесе басқа құжаттың көшірмесі және түпнұсқасы;

2) шетелдіктің Қазақстан Республикасында болуының заңдылығын растайтын құ ж а т т ы ң к ө ш і р м е с і ;

3) оның азаматтығы бар мемлекеттің жазбаша келісімі, ол кету парағы не болмаса шетелге тұрақты тұруға шығуға арналған рұқсатты растайтын басқа құжат ретінде жүруі мүмкін (босқындар деп танылған немесе Қазақстан Республикасында пана ұсынылған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды қ о с п а ғ а н д а) ;

4) «Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсаттар алуға үміткер шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасында болу кезеңінде өздерінің төлем жасау қабілеттігін растау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 қарашадағы № 1185 қаулысына сәйкес өзінің төлем қабілеттілігін растау туралы құжат;

5) азаматтығы тиесілілігі және (немесе) тұрақты тұратын мемлекетте соттылығы (соттылығының болмауы) туралы құжат;

6) Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға 14-тен 16 жасқа дейінгі баланың нотариалды куәландырылған келісімі;

7) өтініш берушіге тұрғын үй ұсыну туралы жеке және заңды тұлғамен келісім не болмаса шетелдікті не болмаса азаматтығы жоқ адамды тұруға және тұрақты тіркеу есебіне қоюға нотариалды куәландырылған келісім ұсынылады;

8) Қазақстан Республикасының медициналық мекемесі берген шетелдіктің медициналық куәландыру туралы анықтамасын;

9) мөлшері 35x45 мм 4 фотосурет (фотосурет тұтынушының жасына сәйкес келуі тиіс және қатаң қарсы алдынан ашық аяда орындалуы тиіс, бет-әлпет фотосуреттің жалпы алаңынан шамамен 75% алып тұруы керек);

10) Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарымен некеде тұрғандар неке қию туралы куәліктің көшірмесін және жұбайының (әйелінің) жеке басын куәландыратын құжат ұ с ы н а д ы .

Қағиданың 9-тармағының 3), 4), 5), 7), 8), 9) тармақшаларда көрсетілген құжаттарды беру күні 90 күннен аспауы тиіс.

Шет тілінде жасалған құжаттар мемлекеттік тілге не болмаса орыс тіліне аударылуы тиіс. Аудармашы қолының түпнұсқалылығы нотариалды к у ә л а н д ы р ы л у ы т и і с .

3), 5) тармақшаларда көрсетілген құжаттарға «Консулдық заңдастыру ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 4 қаңтарда № 1350 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2000 жылғы 21 қарашадағы № 264 бұйрығына сәйкес Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер жөніндегі құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы 1993 жылғы 31 наурыздағы конвенцияға қосылған елдерді қоспағанда, дипломатиялық өкілдіктерде, шет елдегі консулдық мекемелерде немесе Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі

Консулдық қызмет департаментінде апостиль қойылуы тиіс.

1974 жылғы үлгідегі паспорты бар Қазақстан Республикасының аумағында тұратын не болмаса жеке басын куәландыратын құжаттарсыз тұратын шетелдіктер мынадай құжаттарды:

Тұруды не болмаса Қазақстан Республикасында тіркелуді растайтын құжатты (еңбек кітапшасын, азаматтарды тіркеу кітабы, туу, неке қию туралы куәлікті, аттестатты немесе білімі туралы дипломды және т.б.) қосымша ұсынады;

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары тұрғылықты жері бойынша сұрау салудың нақты хаттамасын жасайды, онда тексерілетін адамдар қашан және қайда туғандары, олар туған сәтте ата-аналарының азаматтығы, Қазақстан Республикасына қашан және қандай құжаттар бойынша келгені, туысқандарының қайсысы және қайда тұрғаны немесе қазіргі уақытта қайда тұратыны, олардың азаматтығы және жағдайларға байланысты басқа да мәселелер көрсетілуі қажет.

10. Осы Қағиданың 9-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген құжаттар: Қазақ Кеңес Социалистік Республикасында немесе Қазақстан Республикасында туған немесе азаматтығында бұрын тұрған оралмандарға, бұрынғы отандастарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының негізінде Қазақстан Республикасының азаматтығын оңайлатылған тәртіппен алуға құқығы бар адамдарға қажет емес.

11. Бірлескен бұйрыққа сәйкес берілген J1, J2 санаттардағы визалармен келген шетелдіктер көші-қон полициясы бөліністеріне мынадай құжаттар: 1) өтініш;

2) мемлекеттік немесе орыс тіліне аударылған нотариалды расталған ұлттық паспорттың көшірмесін ұсынады;

3) өтініш берушіге тұрғын үй ұсыну туралы жеке және заңды тұлғамен келісім не болмаса шетелдікті не болмаса азаматтығы жоқ адамды тұруға және тұрақты тіркеу есебіне қоюға нотариалды куәландырылған келісім ұсынылады.

12. Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тұратын және одан тыс жерге шықпай шет мемлекеттің азаматтығын қабылдаған азаматтар, азаматтығын жоғалтқан немесе азаматтығы жоқ деп танылған адамдар, сондай-ақ он алты жасқа толуы бойынша тұрақты тұратын шетелдіктер мынадай құжаттар: - өтініш;
- мекенжай анықтамасын;

- осы Қағиданың 9-тармағының 1), 8), 9), 10) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

13. Өтінішті қабылдаған кезде лауазымды адам қажетті құжаттардың толық болуын және олардың ресімделуінің дұрыстығын тексереді. Осындай тексерістің фактісі, сондай-ақ өтініш берушінің қолының түпнұсқалылығы өтініш

бланкісінде лауазымды адамның қолымен куәландырылады.

Шетелдіктің өтінішін қабылдаған кезде Заңмен белгіленген рұқсатты беруде бас тарту негіздері және оның өтінішінің қарау мерзімі туралы хабарлайды.

Жеке басын, тууын, неке қиюын куәландыратын құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтаруға жатады, ал олардың көшірмелері және мемлекеттік немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аударма есепке алу ісіне қ о с ы л а д ы .

14. Қабылданған өтініш белгіленген тәртіпте өтініш берушінің бланкісінде тіркеу нөмірін қоя отырып, тіркеуге жатады.

15. Өтініштер және оған қоса берілген бір отбасы мүшелеріне құжаттар жеке есепке алу ісіне қалыптастырылады, онда журналдағы отағасы өтінішін есепке алудың реттік нөміріне сәйкес тіркеу нөмірі беріледі.

Өтініш берушіге Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қарауға құжаттарды қабылдауды растайтын талон беріледі.

16. Көшіп келушілерге Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға арналған рұқсатты беруден бас тарту не оның күшін жою үшін негіздер Заңның 49-б а б ы н д а к ө з д е л г е н .

Шетелдік рұқсат беру туралы өтінішті осындай рұқсатты беруден бас тарту немесе оның күшін жою туралы шешім қабылдаған күннен бастап бір жылдан бұрын емес қайта ұсынады.

3. Өтініштерді қарау

17. Заңның 49-бабында көзделген рұқсат беруден бас тарту негіздерін анықтау үшін өтініштерді және қоса берілген құжаттарды қарауға қабылдаған ІД көші-қон полициясы бөлінісі, ҚАІПО:

- 1) ішкі істер органдарының есептері бойынша;
- 2) Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті басқармасының және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика комитетінің аумақтық бөліністерінің есептері бойынша;
- 3) төлем қабілеттілігін растау туралы құжаттардың тексерісін;
- 4) «Бүркіт» бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы Қазақстан Республикасы ҰҚК аумақтық бөлінісімен рұқсатты келісуді жүзеге асырады.

18. Рұқсат беру туралы өтінішті қарау мерзімі құжаттарды тапсырған күннен бастап күнтізбелік 60 күн құрайды.

19. Қарау нәтижелері бойынша жеке әрбір есеп беру ісі бойынша Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытынды түрінде ресімделетін рұқсат беру туралы не болмаса оны беруден бас тарту туралы шешім қабылданады.

Қорытындыны ІД, ҚАІПО басшыларының бірінші орынбасарлары не болмаса

олардың орынбасарлары бекітеді.

20. Сұрау салуға жауаптар, ішкі істер органдарының есептері бойынша тексеріс нәтижелері, қорытынды есепке алу ісінің материалдарына жинақталады. Мәліметтерді электронды форматта ұсынған жағдайда көші-қон полициясы қызметкері алынған мәліметтерді көрсете отырып, баянат жасайды, ол есепке алу ісінің материалдарына жинақталады.

21. J1, J2 санаттағы визамен келген шетелдіктерге және осы Қағиданың 12, 13-тармақтарында көрсетілген адамдарға қатысты ҰҚК аумақтық бөлінісіне оларды тұрақты тіркеу есебіне қою туралы хабарлама жолданады, хабарлама көшірмесі есепке алу ісінің материалдарына жинақталады.

22. Рұқсат беру мәселесі бойынша қабылданған шешім туралы шетелдікке көші-қон полициясы бөлінісінің қызметкерлері телефон арқылы немесе жеке қабылдауында, қорытындыға ішкі істер органдарының басшылары қол қойған сәттен бастап 7 жұмыс күн ішінде хабарлайды және Қағидаға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рұқсат беріледі.

23. Рұқсатты немесе тұруға ықтиярхатты жою туралы шешім осы Заңның 49-бабында көзделген негіздер бойынша қабылданады.

24. Шетелдіктің тұруға ықтиярхатты жою үшін негіз болып табылатын іс-әрекет жасағаны туралы жазбаша ақпаратты алған кезде ПД, ҚАІБ тексерісті жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес дәлелді қорытынды шығарылады, оны ПД, ҚАІБ бастығы немесе оның орынбасары бекітеді.

25. Шетелдік рұқсатты жою, сондай-ақ Қазақстан Республикасында оның тұратын жері туралы мәліметтің болмауы туралы мәселені қарау үшін ішкі істер органдарына келмеген жағдайда тұрақты тұруға рұқсатты жою туралы шешім шетелдік болмағанда қабылданады.

26. Рұқсаты жойылған шетелдік қабылданған шешіммен танысу және Қазақстан Республикасының аумағында жеке басын куәландыратын құжатты тапсыру үшін ішкі істер органдарына келуі тиіс, бұл туралы оған Қағиданың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша хабарлама жолданады.

27. Шетелдік ішкі істер органдарына хабарламада көрсетілген мерзімде келмеген жағдайда рұқсаттың күшін жою туралы шешіммен оны таныстыру күні болып оған хабарлама жолданған күн есептеледі.

28. Тұруға ықтиярхаттың күшін жою туралы қорытынды және шешім қабылдауға негіз болып табылған өзге де материалдар есепке алу ісіне жинақталады.

29. Оған қатысты рұқсаттың күшін жою туралы шешім қабылданған шетелдік осы шешімнің көшірмесін алған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде Қазақстаннан шығуы тиіс.

30. Егер бұл уақытта шетелдік Қазақстаннан шықпаса, ол Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте көзделген тәртіппен елден шығуға жатады.

Қазақстан Республикасында босқын мәртебесі болған шетелдікке қатысты оған рұқсат ұсынғанға дейін рұқсат жойылған жағдайда ол нәсілдік, ұлттық, діни сенім, азаматтық (тиесілілігі) белгісі, белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығы немесе саяси наным бойынша оның өміріне немесе бостандығына қауіп төнген елге шығарылмайды немесе мәжбүрлеп қайтарыла алмайды.

Егер шетелдік сотта рұқсаттың күшін жою туралы шешімге шағымданса оны елден тыс жерге шығару туралы шешім сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін қабылданбайды.

Егер көшіп келуге рұқсат ұсынудан бас тарту туралы шешім қабылданған адам оның өтінішін қарау кезінде Қазақстанда болуға басқа заңды негіздерді жоғалтса, оған осы тармақтың екінші – төртінші бөлімдерінің ережелері тартылады.

31. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Көші-қон полициясы департаменті қабылданған шешімнің негізділігін тексеру және зерделеу үшін шетелдіктердің есепке алу істерін сұратады.

32. Рұқсаттан бас тарту, жою үшін негіздерді анықтаған жағдайда орындау және шешім қабылдау үшін аумақтық көші-қон полициясы бөлінісіне нұсқау жолдайды.

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру қағидасына 1-қосымша
Үлгі

Тұрақты тұратын шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың істерін есепке алу журналы

Істің нөмірі	Істі бастаған күн	Есепке алу ісі басталған адамның тегі, аты, әкесінің аты	Туған күні	Азаматтығы, ұлты	Тіркеу мекенжайы	Есепке алу ісін бастауға негіз	Істі қайта жіберу немесе жою туралы белгі

<1> Есепке алу журналына нақты шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға басталған барлық істер жазылуы тиіс. Журнал бойынша реттік нөмірі есепке алу

Шетелдіктер мен азаматтығы
жоқ адамдарға Қазақстан
Республикасында уақытша
және тұрақты тұруға рұқсат
беру қағидасына 2-қосымша

(ішкі істер органының (ІД, ІБ, АІБ) атауы)

Ф о т о с у р е т т і н
о р н ы
(35 x 45 мм)

20___ жылғы «___»_____ бастап 20___ жылғы «___»_____ дейін _____
_____ мекенжайы бойынша Қазақстан Республикасында
уақытша тіркелгенмін.

Осы өтінішпен жүгінуге себеп болған уәждер

1. Тегі, аты (аттары), әкесінің аты (егер бар болса)

(тегін, атын, әкесінің атын өзгерткен жағдайда бұрынғы тегін, атын, әкесінің атын, _____,

Өзгерту себебі мен күнін көрсетсін, тегі мен аты орыс және латын

алфавиттерінің

әріптерімен

жазылады)

(жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес)

2. Туған күні, айы, жылы және жері _____

3. Қандай шет мемлекеттің азаматтығы (тиесілігі) бар
қазіргі уақытта (бұрын болды ма) _____

(қайда, қашан және қандай негізде алынды, айырылды)

4. Жынысы _____
(еркек, әйел)

5. Жеке басын куәландыратын құжат _____
(құжаттың нөмірі және сериясы, кім

және қашан берді)

6. Ұлты _____
(тілегі бойынша көрсетіледі)

7. Діні _____
(тілегі бойынша көрсетіледі)

8. Қазақстан Республикасының аумағында тудыңыз ба және КСРО
азаматтығында тұрдыңыз ба немесе Қазақстан Республикасының аумағында
тудыңыз (керек емесінің астын сызыңыз)

(көрсетілген мәліметтерді растайтын құжат)

9. Қазақстан Республикасының азаматтығында тұрған қабілетсіз
ата-анаңыз бар ма _____
(тегі, аты, әкесінің аты, туған күні,

қабілетсіздігін растайтын құжат)

10. Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат және тұруға
ықтиярхат беру туралы бұрын өтінішпен жүгіндіңіз бе

(егер иә болса, қашан және қандай органға, қандай шешім қабылданды)

11. Отбасы жағдайы _____
(үйленген (тұрмыста), бойдақ (тұрмысқа шықпаған),

ажырасқан, неке қию (бұзу) туралы куәлік, берілген күні және орны)

12. Кәмелеттік жасқа толмаған (оның ішінде асырап алынған, камқорындағы, қарамағындағы) балаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының аумағында уақытша тіркеуі бар отбасы мүшелері:

Өтініш берушіге қатысы	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы және жері	Азаматтығы (тиесілігі)	(Тұратын, оқитын жерінің мекенжайы)	Жұмыс орны

13. Оқуын қоса алғанда, еңбек қызметі туралы мәліметтер:

Күні (айы және жылы)	Ұйымды, жұмысқа қабылдануын, жұмыстан шығуын көрсете отырып лауазымы	Жұмыс орнының мекенжайы

14. Өтініш берген күннің алдындағы жылғы 1 қаңтар – 31 желтоқсан аралығындағы табысының түрі және көлемі

1	Табыс түрі	
2	Табысының көлемі (теңгемен, шетелдік валютамен)	
3	Негізгі жұмыс орны бойынша табысы	
4	Өзге де қызметтен табысы	
5	Банктегі салымның табысы	
6	Бағалы қағаздан және коммерциялық ұйымдарда қатысу үлесінен табысы	
7	Зейнетақысы, стипендиясы және өзге әлеуметтік төлемдері немесе табысы (қандай екені көрсетілсін)	

15. Жеке сәйкестендіру нөмірі (егер бар болса)

(куәлігінің нөмірі, берген күні мен орны, оны берген органның атауы)

16. Сіз Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкімшілік елден шығаруға не болмаса өтініш берудің алдында бес жыл ішінде елден қууға ұшырадыңыз ба _____

(егер иә болса, неше рет және қашан)

17. Сіз ауыр немесе аса ауыр қылмыс не болмаса қауіпті деп танылған қылмысты қайта жасағаныңыз үшін заңды күшіне енген сот үкімімен сотталдыңыз ба _____

(егер иә болса,

неше рет және қашан)

18. Қазақстан Республикасының аумағында не болмаса одан тыс жерлерде ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасағаныңыз үшін жабылмаған немесе алынбаған соттылығыңыз бар ма _____

(егер иә болса, неше рет және қашан)

19. Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болу (тұру) режимін қамтамасыз ету бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасын

бұзғаныңыз үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылдыңыз ба

(егер иә болса, неше рет және қашан)

20. Адамның иммунитеті тапшылығы вирусымен туындайтын аурумен, нашақорлықпен, айналадағылар үшін қауіпті болып табылатын жұқпалы аурумен ауырмайсыз ба _____

(егер иә болса, нақты қайсысымен)

21. Ата-анасы Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға қалдыру туралы рұқсат алған кезде жазылатын/дербес рұқсат алатын бала туралы мәлімет (тегі, аты, әкесінің аты, туған күні мен жері, азаматтығы)

Көрсетілген балалардың басқа ата-анасы туралы мәлімет (тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, азаматтығы, тұрғылықты жері)_____

22. Уақытша тұратын жерінің мекенжайы, телефоны_____

Өтінішпен бірге мынадай құжаттар ұсынамын:

Маған Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда рұқсат беруден бас тартылуы не болмаса берілген тұруға ықтиярхаттың күші жойылуы мүмкін екені туралы ескертілді. Ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығын және жазылған мәліметтердің шынайылығын растаймын.

20__ жылғы «__» _____. _____
(өтініш берліген күні) (өтініш берушінің қолы, лауазымды адам болған кезде қойылады)

20__ жылғы «__» _____өтініш қарауға қабылданды.

Өтініштің толтырылғанының дұрыстығын және қажетті құжаттардың бар-жоғын тексердім, өтінішке мен болған кезде қол қойылды, өтініш берушінің қолының түпнұсқалығын растаймын_____

(арнайы атағы (егер бар болса),

_____күжатты қабылдаған уәкілетті лауазымды адамның лауазымы, тегі, аты-жөні)

(лауазымды адамның қолы)

Өтініш қысқартуларсыз, аббревиатураларсыз, түзетулерсіз және шимаймыз қолмен немесе техникалық құралдарды (жазу машинкалары, компьютерлер) пайдалана отырып толтырылады.

Сұрақтарға жауап жан-жақты болуы тиіс. Қолмен орындалған мәтін түсінікті болуы тиіс.

Өтінішті қабылдаған көші-қон полициясы бөлінісінің мөртабаны қойылады.

Осы тармақты толтырған кезде ұйымдардың атауы өтініш беруші сонда жұмыс істеген кезеңде қалай аталса солай аталуы тиіс.

Егер өтініш беруші заңды тұлғаның білімінсіз кәсіпкер болып табылса, онда тіркеу туралы куәліктің нөмірі, тіркеген органның атауы және берілген орны көрсетіледі.

Егер өтініш берушіге зейнетақы тағайындалса, зейнетақы түрі, зейнетақы куәлігінің нөмірі, оны кім және қашан бергені көрсетіледі.

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру қағидасына 3-қосымша

Тұрақты тұруға рұқсат беруге арналған құжаттар қабылдау туралы № __ ТАЛОН

(өтініш берушінің Т.А.Ә.)

Қабылданған құжаттардың тізбесі:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____
9. _____

Қ а б ы л д а д ы :

_____/_____/_____
(ІІД КҚПБ қызметкерінің лауазымы) (қолы) (Т.А.Ә.)

_____ жылғы «__» _____

Берілген уақыты және күні: _____ сағат __ мин _____ жылғы «__» _____

Шетелдіктер мен азаматтығы

жоқ адамдарға Қазақстан

Республикасында уақытша

және тұрақты тұру рұқсат

беру қағидасына 4-қосымша

Бекітемін

Бастық _____

_____ (арнайы атағы)

_____ (қолы) _____ (тегі, аты, әкесінің аты)

20__ жылғы «__» _____

ҚОРЫТЫНДЫ

_____ (лауазымы, арнайы атағы, қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты)

_____ (өтініштің негіздемесі, өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты)

_____ (рұқсатты жою кезінде органның хабарламасы)

БЕЛГІЛЕЙДІ:

М ы н а л а р :

- өтініш берушінің толық сауалнамалық деректері, өтініш берушінің уақытша тіркеу орны, өтінішпен жүгінуге себеп болған;

- білім, кәсібі, бұрын Қазақстан Республикасының аумағында уақытша тұрған кезеңде айналысқан ісі, тұрғылықты жері, Қазақстан Республикасынан тыс жерге шығуы, _____ шығу мерзімдері;

- егер біруақытта Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсатты өтініш берушімен бірге балалары алса, онда бұл туралы айқындамалық сияқты қаулы ету бөлігінде де көрсетіледі. Егер баланың басқа тегі болған жағдайда, оның _____ тегі _____ көрсетіледі;

- өтініш берушінің жеке басының ерекшеліктері, жүзеге асыруға қаражат көзі,

отбасы жағдайы, туысқандары туралы қысқаша мәлімет;
- адамды ішкі істер органдарының және басқа да мемлекеттік органдардың есептері бойынша тексеру нәтижелері, әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы мәлімет;

- балалары және толық айқындамалық деректер туралы мәлімет;

- өтініш берушінің мінездемесі;

- «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тұруға ықтиярхатты жоюға негіздеме.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Тұруға ықтиярхат беру/ бұрын берілген тұруға ықтиярхаттың күшін жою туралы оң немесе теріс шешім қабылдауға дәлелді негіздеме жазылады.

2. Қабылданған шешім туралы хабарлама жолданатын ішкі істер органының атауы көрсетіледі.

3. Есепке алуға өзгерістерді қамтамасыз ететін бөлініс көрсетіледі.

(лауазымы, арнайы атағы, қызметкердің
тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

« К Е Л І С Е М І Н »

Көші-қон полициясы бөлінісінің басшысы не орынбасары

(арнайы атағы, тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

20__ жылғы «__» _____

<1> Егер шешім қабылдау құқығы ұсынған орынбасары бекітсе, оның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты және арнайы атағы көрсетіледі.

<2> Егер біруақытта рұқсатты өтініш берушімен оның кәмелетке толмаған балалары алса, онда бұл туралы айқындамалық және белгілеу бөлігінде көрсетіледі. Егер баланың басқа тегі болған жағдайда, оның тегі көрсетіледі.

<3> Тұруға ықтиярхатты беруден немесе бұрын берілген рұқсаттың күшін жоюдан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда «Халықтың көші-қоны туралы» Заңның нақты бабына (бөлік, тармақ) сілтеме міндетті.

<4> Қол қою құқығы берілген орынбасар шешімге қол қойған жағдайда оның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты және арнайы атағы көрсетіледі.

Ш е т е л д і к т е р м е н а з а м а т т ы ғ ы

ж о қ а д а м д а р ғ а Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н д а т ұ р а қ т ы

т ұ р у ғ а р ұ қ с а т б е р у

қағидасына 5-қосымша

өтініш берушінің Т.А.Ә.
(ПД, ІІБ бөлінісінің атауы) болған жерінің мекенжайы

Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат/не рұқсат беруден бас тарту

_____ шешіммен хабарлаймын
(шешім қабылдаған органды, күнді және шешім қабылдау нөмірін көрсету)

Сізге Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат берілді/
тұрақты тұруға рұқсат беруден бас тартылды/ тұруға ықтиярхаттың
қолданылу мерзімі _____ (қажет емесін сызып
тастау) _____ негізінде _____ ұзартылды
(заңның тармағын, бөлімін, бабын көрсету)

Тұруға ықтиярхатты ресімдеу/тұруға ықтиярхаттың қолданылу мерзімін
ұзарту үшін Сіз

_____ (ПД, ІІБ мекенжайы, қабылдау күндері
_____ және қабылдау сағаты, қызметкердің Т.А.Ә.)

өтініш білдіруіңіз қажет.
ПД, ІІБ көші-қон полициясы бөлінісінің бастығы
(бөлімнің, _____ бөлімшенің)

_____ (арнайы атағы, тегі, аты, әкесінің аты) _____ (қолы)

20__ жылғы «__» _____ М.О.

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ
адамдарға Қазақстан Республикасында
тұрақты тұруға рұқсат
беру қағидасына 6-қосымша

_____ Өтініш берушінің Т.А.Ә.
_____ келген жерінің мекенжайы
(ПД, ІІБ бөлінісінің атауы)

_____ (шешім қабылдаған орган, шешім қабылданған күн

және нөмірі көрсетілсін) шешімімен
«Көші-қон туралы» Заңның 49-бабының _____

(тармақ, бөлім көрсетілсін)

негізінде Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға шешім жойылды
Заңның _____ бабының _____ тармағына сәйкес Сіз Қазақстан
Республикасынан күнтізбелік 30 күн ішінде шығуға міндеттісіз.

Қазақстан Республикасынан шықпаған жағдайда Сіз елден қуылуыңыз мүмкін.

Көші-қон полициясы басқармасының бастығы
(бөлімінің, бөлімшесінің) ПД, ПБ

(арнаулы атағы, тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

20__ жылғы «__» _____ М.О. <1>

<1> Мөртаңба қойылады

----- үзінді сызығы -----

Хабарламаны 20__ жылғы «__» _____ алдым

(Т.А.Ә.)

(қолы)

(хабарламаны берген қызметкердің арнаулы атағы,

лауазымы, Т.А.Ә.) (қолы)

20__ жылғы «__» _____

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

І ш к і і с т е р м и н и с т р і н і ң

2 0 1 3 ж ы л ғ ы 2 8 т а м ы з д а ғ ы

№ 5 2 3 б ұ й р ы ғ ы м е н

бекітілген

**Шетелдіктің тұруға ықтиярхатын және азаматтығы жоқ адамның
куәлігін ресімдеу, беру, ауыстыру, алып қою және жою жөніндегі
нұсқаулық**

1. Шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға құжаттар беру

Шетелдіктің тұруға ықтиярхатын және азаматтығы жоқ адамның куәлігін ресімдеу, беру, ауыстыру, алып қою және жою жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Халықтың көші-қоны туралы», «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы», «Занды және жеке тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімі туралы» заңдарына, «Қазақстан Республикасы азаматының паспортын, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхатты, азаматтығы жоқ адамның куәлігі мен босқын куәлігін ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 26 тамыздағы № 852 қаулысына сәйкес әзірленді және шетелдіктің тұруға ықтиярхатын және азаматтығы жоқ адамның куәлігін ресімдеу, беру, ауыстыру, алып қою және жою мәселелерін нақтылайды.

1. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға ішкі істер органдары жеке басты куәландыратын мынадай құжаттар береді:

шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхаты (бұдан әрі – шетелдіктің тұруға ықтиярхаты);
азаматтығы жоқ адамның куәлігі.

2. Шетелдіктің тұруға ықтиярхаты Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын 16 жасқа толған шетелдіктерге 10 жылға мерзімге, бірақ оның азаматтық алған елі паспортының қолданылу мерзімінен аспайтын мерзімге беріледі.

Шетелдіктің тұруға ықтиярхатын немесе азаматтығы жоқ адамның куәлігін ішкі істер органдары шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның тұрғылықты жері бойынша береді.

Шетелдіктің тұруға ықтиярхаты немесе азаматтығы жоқ адамның куәлігі иесінің тілегі бойынша мемлекеттік немесе орыс тілінде толтырылады.

Азаматтығы жоқ адамның куәлігі Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын 16 жасқа толған азаматтығы жоқ адамдарға 5 жылға беріледі және республика аумағында және одан тыс жерлерде иесінің жеке басын растайды.

Шет елге ата-анасынсыз, қамқоршысыз және қорғаушысыз шыққан кезде азаматтығы жоқ адамның куәлігі 16 жастан кіші адамдарға берілуі мүмкін.

Электронды ақпарат тасымалдағышты қамтитын азаматтығы жоқ адамның куәлігі машинамен оқылатын жол жүру құжаттарына қойылатын халықаралық талаптарға және стандарттарға сәйкес әзірленеді.

3. Шетелдіктің тұруға ықтиярхатын немесе азаматтығы жоқ адамның куәлігін бергені үшін «Салық және бюджетке төленетін міндетті төлемдер туралы» (

Салық кодексі) Қазақстан Республикасының кодексінде белгіленген мөлшерде мемлекеттік баж алынады.

2. Шетелдіктің тұруға ықтиярхатын және азаматтығы жоқ адамның куәлігін әзірлеу үшін формулярлар ресімдеу

4. Шетелдіктің тұруға ықтиярхатын және азаматтығы жоқ адамның куәлігін әзірлеу үшін көші-қон полициясының уәкілетті қызметкері Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша формуляр толтырады. Бұл ретте шетелдіктің, азаматтығы жоқ адамның жеке қатысуы оның жеке басын сәйкестендіру және жеке қолын қою үшін міндетті.

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға көші-қон полициясы бөліністерінде тұрақты тіркелген жері және шетелдіктің және азаматтығы жоқ адамның жүрген жері бойынша формуляр толтырылады.

Егер құжаттандырылатын адам тергеу қамауындағы және бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуші адам, мүгедек, қабілетсіз және ауру болып табылған жағдайда ішкі істер органдары (уақытша ұстау изоляторлары, тергеу изоляторлары) растайтын болатын жері бойынша формуляр толтырылады.

5. Формуляр нөмірі және штрих коды бар қатаң есептіліктің типографиялық бланкісі, ақпарат тасымалдағыш болып табылады, ол Қазақстан Республикасының халқын құжаттандырудың орталықтандырылған деректер базасына (бұдан әрі – деректер базасы) енгізіледі және кейіннен жеке басты берілген құжаттармен және 1-қосымшаға сәйкес мекенжай-анықтама жұмысымен сәйкестендіру мақсатында пайдаланылады.

6. Формулярлардың бланкілері Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тұруға ықтиярхатты, азаматтығы жоқ адамның куәлігін әзірлеуге арналған формулярларды есепке алудың 2-нысанды кітабындағы (бұдан әрі – 2-нысанды кітап) реттік нөмірлер бойынша есепке алынады.

7. Формуляр шарикті қаламсаппен қара, қара көк немесе күлгін сиямен толтырылады. Формулярдағы деректерді түзету туралы жазба формулярдың сыртқы жағында бос жерде халықты құжаттандыруға және тіркеуге уәкілетті қызметкер қолымен және паспорттық елтаңбалы мөрмен куәландыратын «№ жолдағы түзетілгенге сеніңіз (дұрыс деректерді көрсете отырып)» деген жазба жүргізіледі.

8. Шетелдіктің тұруға ықтиярхатын, азаматтығы жоқ адамның куәлігін алуға түбіртек формулярдың бланкісінен оны толтырғаннан кейін бөлек алынады және шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға тапсырылады.

9. Жоғалған шетелдіктің ықтиярхаттары және негізсіз берілген, алынып

қойылған, жаңа құжатқа ауыстырған кезде, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың қайтыс болуына байланысты тапсырылмаған, күші жойылған азаматтығы жоқ адамдардың куәліктері туралы мәліметтер он күндік сайын 3-қосымшаға сәйкес ішкі істер департаменттерінде жинақталады және Қазақстан Республикасының құжатталған халқының деректер базасына түзетулер енгізу үшін одан әрі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Көші-қон полициясы департаментіне (бұдан әрі – КҚПД) және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметіне жолданады.

10. Формулярды толтырудың негізділігін және дұрыстығын формулярды толтырған қызметкер оған берілген дербес кодты көрсете отырып, қолымен растайды. Формулярлар ресімдеуге рұқсат берілген қызметкерлердің дербес коды үш мәнді әріп-санды индекстер болып табылады, оның бірінші белгісі облыстың коды, екінші белгісі ауданның коды, үшінші белгісі формулярлар толтыруға рұқсаты бар қызметкердің реттік нөмірі. Қызметкердің коды, оны қолы мен тегі формулярдың сыртқы жағында қойылады.

Қызметкерлер ауысқан кезде дербес кодтарды Ішкі істер департаменті Көші-қон полициясы басқармасы (бұдан әрі – КҚПБ) өзі береді және жаңартады. Бұл ретте жаңа қызметкерге осы бөліністегі пайдаланылмаған, бос реттік нөмірлердің қатарынан кодтың келесі үшінші белгісі беріледі. Берілген кодтар туралы хабарлама КҚПД-ге жолданады.

Қызметкер ішкі істер органдарынан қызметтен босатылған немесе ол басқа бөлініске ауысқан жағдайда оған бұрын берілген код жойылады, бұл туралы КҚПБ КҚПД-ны дереу хабарландырады.

11. Формулярды ресімдеу кезінде формулярды өтініштер картотекасы бойынша өтініш берушілерде бұрын берілген құжаттардың бар-жоғын тексеру жүзеге асырылады. Бұл ретте формулярлардағы барлық деректер және фотосуреттердің ұқсастығы салыстырыла тексеріледі.

12. Шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға формуляр ресімдеу кезінде көші-қон полициясы бөліністеріне мынадай құжаттар ұсыну қажет:

- 1) жарамды ұлттық паспорт;
 - 2) көші-қон полициясы бөлінісі берген Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат;
 - 3) мемлекеттік баж төленгені туралы түбіртек;
 - 4) мөлшері 35x45 см екі фотосурет.
- азаматтығы жоқ адам:
- 1) мекенжай анықтамасы;
 - 2) мемлекеттік баж төленгені туралы түбіртек;
 - 3) мөлшері 35x45 мм екі фотосурет;
 - 4) мына құжаттардың бірі:

жарамдылық мерзімі өткен шетелдік паспорт;
азаматтығы жоқ адамның куәлігі;
1974 жылғы үлгідегі паспорт (бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар
О д а ғ ы) ;

ә с к е р и б и л е т ;
бас бостандығынан айыру орындарынан босату туралы анықтама;
Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу және Қазақстан
Республикасы Президентінің Жарлығы бойынша азаматтығын өзгерткені,
сондай-ақ Қазақстан Республикасымен ратификацияланған халықаралық
шарттарға сәйкес азаматтығын өзгерткені туралы анықтама;
туу туралы куәлік (он алты жасқа дейінгі адамдарды ресімдеу кезінде);
Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері берген қайтып оралуға
куәлік (шетелде уақытша болатын азаматтығы жоқ адамның куәлігін жоғалтқан
к е з д е) ұ с ы н ы л а д ы .

13. Бұл ретте мыналарды басшылыққа алған жөн:
фотосурет өтініш беруші құжатты ресімдеген сәттегі жасына сәйкес келуі
және ашық аяда қатаң қарсы алдынан орындалуы тиіс, бұл ретте адамның беті
фотосуреттің жалпы алаңының шамамен 75% алуы керек;
фотосурет бір негативтен фото басып шығару тәсілімен қатты фотоқағазда
орындалуы тиіс. Компьютерлік сканерлеу және модельдеу немесе көшірмесін
жасау тәсілімен әзірленген суреттерді пайдалануға жол берілмейді;
үнемі көзілдірік киіп жүретін адам фотоға көзілдірікте (қара емес) түседі.
Діни нанымдар бойынша бас киімде фотоға түсуге жол беріледі. Бұл ретте
адамның беті иегінің төмен жағынан бастап маңдайының жоғары бөлігіне дейін
және бетінің екі жағы айқын көрсетілуі тиіс.

14. Ф о т о с у р е т :
өтініштің беткі жағында арнайы бөлінген жерде;
өтініштің сыртқы жағында 18-жолдың қасында желімделеді, ол елтаңбалы
мөрмен куәландырылады. Мөр таңба айқын, еркін оқылатын болуы тиіс. Мөрдің
нөмірін фотосуретте емес бланкіде орналастырған жөн.

15. Шетелдік, азаматтығы жоқ адам формулярдағы қолын қара, көк немесе
күлгін түсті сиялы шарикті қаламсаппен өзі өз қолымен орындайды. Сия және
капеллярлы (гельді) қаламсаптар пайдалануға жол берілмейді.

Формулярларды толтыру кезінде азаматтың қолы:
қабілетсіздігі, мүгедектігі, сауатсыздығы бойынша;
ерекше жағдайларда азаматтығы жоқ адам жеке қолын қоюдан бас тартса (

тергеу қамауындағылар, тергеудегі адамдар) жүргізілмеуі мүмкін.
Көрсетілген жағдайларда қол қоюға арналған баған бос қалады, растайтын
құжаттың (мүгедектігі бойынша зейнеткер куәлігінің, денсаулық жай-күйі

туралы анықтаманың, құқық қорғау органы хаттамасының) көшірмесі қабылданады, формулярдың сыртқы жағында бос жерде қолдың болмауының себебін көрсеткен жөн. Әзірлеу кезінде шетелдіктің тұруға ықтиярхатында, азаматтығы жоқ адамның куәлігінде қолдың орнына толтыру тілінде «не может подписать», «мүмкіндігі жоқ» арнайы белгісі енгізіледі.

16. Формулярды толтыру кезінде:
тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) (бұдан әрі – Т.А.Ә.) және басқа да
д е р е к т е р і ;

жергілікті жердің атауы;
құжаттарды беру органы формулярды толтыру үшін негіз болып табылатын құжаттардағы тиісті жазбаларға сәйкес жазылады, бұл ретте Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан жергілікті жердің атауы қолданыстағы әкімшілік-аумақтық бөлінуге сәйкес жазылады.

Барлық кодтар, сондай-ақ тіркеу мекенжайлары және оларда қабылданған қысқартулар Нұсқаулыққа 4-қосымшаға сәйкес кодтар және қысқартулар анықтамалығына сәйкес көрсетіледі.

17. «Азаматтығы жоқ адамның куәлігі, тұруға ықтиярхат» деген нөмірі жоқ жол азаматтығы жоқ адам үшін «А» және тұруға ықтиярхат үшін «І» бас латын әріптерін қою арқылы тапсырыс берілетін құжаттың түріне сәйкес толтырылады.

«Азаматтығы жоқ адамның куәлігі, тұруға ықтиярхат беріледі» деген 1-жолда формулярды толтырудың бір немесе бірнеше себебінің коды (кодтар 7-ге дейін) көрсетіледі, мысалы, тегін ауыстыру «04», азаматтығы жоқ адамның куәлігін, тұруға ықтиярхатты жоғалту «09», заңды мекенжайын ауыстыру «10» және т.с.с.

1-ақпараттық жолдағы кодтар мынадай тәртіпте көрсетіледі:

«04» коды шетелдік, азаматтығы жоқ адам Т.А.Ә. ауыстырған кезде көрсетіледі, бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда шетелдіктің тұруға ықтиярхатының, азаматтығы жоқ адам куәлігінің бұрынғы деректері, 5-жолда шетелдіктің, азаматтығы жоқ адамның бұрынғы тегі, ал 3 және 4-жолдарда бұрынғы аты, әкесінің аты жазылады. Шетелдік, азаматтығы жоқ адам Т.А.Ә. өзгерткен жағдайда азаматтық хал актілері жазбасына туу туралы, айқындамалық деректерін өзгерту туралы, неке қию (бұзу) туралы қайталама куәліктердің деректері енгізіле отырып, формулярдың сыртқы жағында бос жерде көрсетіледі және елтаңбалы мөрмен куәландырылады.

«05» коды шетелдік, азаматтығы жоқ адам туған күнін ауыстырған кезде көрсетіледі, бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда бұрынғы тұруға ықтиярхаттың, азаматтығы жоқ адам куәлігінің деректері жазылады. Формулярдың сыртқы жағында бос жерде туған күнін ауыстыру туралы куәліктің және елтаңбалы мөрмен куәландырылатын туу туралы қайталама куәліктің деректері көрсетіледі.

«06» коды жеке басты куәландыратын шығарылған құжаттарда қателер

табылған жағдайда көрсетіледі. Бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда қате табылған шетелдіктің тұруға ықтиярхатының, азаматтығы жоқ адам куәлігінің деректері жазылады. Егер әзірленген құжаттарда, шетелдіктің тұруға ықтиярхатында, азаматтығы жоқ адамның куәлігінде өндірістік ақауға жол берілген жағдайда, онда қайта ресімделген формулярмен бірге КҚПД-ге елтаңбалы мөрмен куәландырылған бұрынғы формулярдың көшірмесін және қате жіберілген құжатты жіберген жөн. Бұл ретте, олар жалпы тізімге қосылусыз жеке тізілімдемемен жіберіледі, ал қайталама құжаттар, тұруға ықтиярхаттар, азаматтығы жоқ адамның куәлігін әзірлеу Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі «Ақпараттық-өндірістік орталығы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – «АӨО» РМК) есебінен жүргізіледі. Жаңа құжат әзірленгеннен кейін бұрынғы (қатесі бар) құжат «АӨО» РМК-да өндірістік ақау ретінде жойылады, ал әзірленген құжаты бар формуляр толтыру орын бойынша қ а й т а р ы л а д ы .

Егер қателерге формуляр толтырған көші-қон полициясының уәкілетті қызметкерлерінің кінәсінен жол берілсе, онда КҚПД-ге растайтын құжаттың көшірмелерін қоса бере отырып, паспорттық елтаңбалы мөрмен куәландырылған, қате табылған жолды көрсете отырып, дәлсіздік туралы сыртқы жағында жазба жүргізілген формуляр жолданады. Қатеге жол берілген құжатты ішкі істер органы осы Нұсқаулықтың 42-тармағында белгіленген тәртіпте жояды. Бұл жағдайда шетелдіктің тұруға ықтиярхатын, азаматтығы жоқ адамның қайталама құжаттарын әзірлеу қатеге жол берген Көші-қон полициясы басқармасы қызметкерінің есебінен жүргізіледі.

Шетелдіктің, азаматтығы жоқ адамның фотосуреті деректер базасында шетелдіктің тұруға ықтиярхатындағы, азаматтығы жоқ адамның куәліктеріндегі фотобейнемен сәйкес келмеу анықталған кезде көші-қон полициясының уәкілетті қызметкері құжаттандырылатынның жеке басын және құжаттарда сәйкес келмеу себептерін міндетті тексеруді жүргізеді. Тексеріс нәтижелері бойынша шетелдіктің, азаматтығы жоқ адамның жеке басын тану хаттамасы жасалады. Шетелдіктің, азаматтығы жоқ адамның жеке басын тану хаттамасы танылатынның сырт келбетіне қарай ұқсау мүмкіндігі бойынша басқа адамдардың фотокарточкаларымен біруақытта ұсынылатын саны 3-тен кем емес оның фотокарточкасы бойынша жақын туыстарын не болмаса шетелдікті, азаматтығы жоқ адамды кемінде 10 жыл білетін адамды (екі және одан да көп) тарта отырып жасалады, одан кейін екі жұмыс күні мерзімінде қорытынды шығарылады және КҚПД-ге формулярмен және Нұсқаулыққа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған жарамсыз тұруға ықтиярхатты, азаматтығы жоқ адамның куәлігін, толтыру кезінде бүлінген формулярлардың бланкілерін жою туралы актімен (бұдан әрі – жою туралы акті) бірге жолданады.

«07» коды құжаттар пайдалануға жарамсыз (бүлінген, ескірген, техникалық ақаулар, азаматтығы жоқ адам куәлігінің барлық беттерін пайдалану, шетелдіктің тұруға ықтиярхатында, азаматтығы жоқ адамның куәлігінде ЖСН-нің болмауы) жағдайларда көрсетіледі. Бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда жарамсыз құжаттың деректері жазылады, ал формулярдың сыртқы жағында бос жерде құжаттың жарамсыздығының нақты себебі көрсетіледі. Пайдалануға жарамсыз құжат бүлінуіне, ескіруіне, жеке басты сәйкестендіру мүмкін еместігіне байланысты формулярды толтыру кезінде алынып қойылады.

«09» код шетелдіктің, азаматтығы жоқ адамның жоғалту себебі бойынша формуляр толтыру кезінде көрсетіледі. Шетелдіктің тұруға ықтиярхатын, азаматтығы жоқ адамның куәлігін жоғалтқан шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар тұрақты тіркелген орны бойынша ішкі істер органдарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжат қайда, қашан және қандай мән-жайларда жоғалғанын көрсете отырып, жазбаша өтініш, тұрақты тіркелген мекенжайын растайтын мекенжай анықтамасын тапсырады.

Егер шетелдік, азаматтығы жоқ адам ішкі істер органының осы бөлінісінде бұрын құжаттандырылса, жеке басын растауға және жоғалған шетелдіктің тұруға ықтиярхаты, азаматтығы жоқ адамның куәлігі туралы мәліметтер беруге тексерісті көші-қон полициясының уәкілетті қызметкері ішкі істер органына жүгінген кезде шетелдік, азаматтығы жоқ адам ұсынатын мекенжай анықтамасында көрсетілген тұруға ықтиярхаттың, азаматтығы жоқ адамның нөмірі бойынша деректер базасында жүргізеді.

Осы бөліністе құжаттандырылған шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың өтінішін жеке басын растауға және жоғалған тұруға ықтиярхат, азаматтығы жоқ адамның куәлігі тура мәліметтер беруге тексеру екі жұмыс күні мерізімінде картотека бойынша жүргізіледі.

Картотекада формулярдың түпнұсқасы болмаған кезде формуляр түпнұсқасының жоғалғандығы туралы акті жасалады.

Жеке басты және азаматтығы жоқ адамның жоғалған куәлігі туралы мәліметтерді растау үшін КҚПД-дан КҚПД-ның елтаңбалы мөрімен куәландырылған фотосуреті бар деректер базасынан ақпарат сұрау салынады.

Еркін нысанда формулярдың көшірмесін ұсыну туралы сұрау салуға жауап шетелдіктен, азаматтығы жоқ адамнан өтініш келіп түскеннен кейін келесі күннен кешіктірілмей жолданады.

Формулярдың 9, 10, 11-жолдарында жоғалған шетелдіктің тұруға ықтиярхатының, азаматтығы жоқ адамның деректері жазылады. Формулярдың сыртқы жағында жоғалған құжатты қалпына келтіру жөніндегі шетелдіктің, азаматтығы жоқ адамның өтінішінің нөмірі және күні жазылады.

Жаңа тұрғылықты жерге көшкен кезде шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар

шетелдіктің тұруға ықтиярхатын, азаматтығы жоқ адамның куәлігін жоғалтқан жағдайда жоғалған құжаттарды қалпына келтіруді жаңа тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдары жүргізеді.

Ішкі істер органдарына келіп түскен және олардың иелері сұрамаған табылған шетелдіктің тұруға ықтиярхаты, азаматтығы жоқ адамның куәлігі келіп түскен күннен бастап бір жыл ішінде табылған, бірақ сұратылмағандар ретінде осы Нұсқаулықтың 42-тармағында белгіленген тәртіпте жойылады.

«10» коды шетелдік, азаматтығы жоқ адам заңды мекенжайын ауыстырған к е з д е к ө р с е т і л е д і .

Егер шетелдіктің тұруға ықтиярхатында, азаматтығы жоқ адамның куәлігінде жаңа тіркелген мекенжайға сәйкес келмейтін толық мекенжайы (қала, аудан, көше, үй, пәтер) көрсетілсе, тұруға ықтиярхатты, азаматтығы жоқ адамның куәлігін а у ы с т ы р у қ а ж е т .

9, 10, 11-жолдарда шетелдіктің тұруға ықтиярхатының, азаматтығы жоқ адамның куәлігінің деректері жазылады. Бұл ретте 14-жол (бұрынғы тіркелген мекенжайы) м і н д е т т і түрде толтырылады.

« 1 1 » к о д ы :

егер шетелдіктің тұруға ықтиярхаты шетелдіктің ұлттық паспортын;

егер азаматтығы жоқ адамның куәлігі жеке басты куәландыратын құжатты (азаматтығы жоқ адамның куәлігі, бұрынғы КСРО паспорты, бас бостандығынан айыру орындарынан босату туралы анықтама, Қазақстан Республикасының азаматтығына тиесілігін растамайтын анықтама бар болған кезде азаматтықтан шығу туралы анықтама) ұсынған кезде бірінші рет ресімделеді.

Шетелдікке, азаматтығы жоқ адамға беруді және фотосуреттердің ұқсастығын растау, сондай-ақ ерекше белгілердің (Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы) бар-жоғы мәніне тексерістер жүзеге асыру үшін.

Көші-қон полициясының уәкілетті қызметкері Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу не болмаса одан айырылу, республикадан тыс жерлерге тұрақты тұрғылықты жерге шығу, шетелдік ретінде республика аумағында тіркелу есептері бойынша шетелдікті тексеруді де жүргізеді. Тексеріс бойынша мәліметтер тексеріс материалдарына жинақталады.

18. Тексеріс материалдарына жинақталатын құжаттар мен анықтамалардың барлық көшірмелерін құжаттар қабылдаған көші-қон полициясының уәкілетті қызметкері түпнұсқалармен міндетті түрде салыстыра тексереді, одан кейін құжаттардың көшірмелеріне «Көшірме дұрыс» деген жазба жасалады, оны салыстыра тексеру жасаған қызметкердің Т.А.Ә., лауазымын көрсете отырып, мөрімен және қолымен куәландырылады.

19. Формулярдағы 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 12-жолдар оны толтыру үшін негіз болған құжаттарға сәйкес толтырылады. Тұруға ықтиярхат, азаматтығы жоқ адамның

куәлігін алуға формулярдағы және түбертектегі Т.А.Ә. жазбасы сәйкес болуы
т и і с .

7-жолда еркектерге 1 саны, әйелдерге 2 саны қойылады.

Формулярдағы 9, 10, 11-жолдар оны толтыру үшін негіз болған құжаттарға
с ә й к е с :

«01» туу туралы куәлік;
«02» 1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспорты;
«08» азаматтықтан шығу туралы анықтама;
«13» шет мемлекеттің уәкілетті органдары берген шетелдіктің ұлттық
паспорты, азаматтығы жоқ адамның куәлік;
«14» тұруға ықтияхат;
«15» азаматтығы жоқ адамның куәлігі кодтарын біруақытта қоя отырып
т о л т ы р ы л а д ы .

11-жол толтырылады, онда құжат берген органның атауы көрсетіледі.

Формулярдың 12-жолында Қазақстан Республикасының аумағында туған
шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар үшін ұсынылған құжаттарға сәйкес тиісті
жолдар – облысы, Астана, Алматы қалалары, ауданы және оларға сәйкес кодтары
, елді мекені жазылады. Шет елде туған шетелдіктерге, азаматтығы жоқ
адамдарға тиісті жолдарда елдің, облыстың (өлкенің), ауданның, елді мекеннің
атауы жазылады, бұл ретте тек елдің коды көрсетіледі, қалған кодтар
қ о й ы л м а й д ы .

Формулярдың 13, 14-жолдары шетелдіктің, азаматтығы жоқ адамның қазіргі
және бұрынғы тұрақты тіркелген жерінің мекенжайын тиісті жолдарда көрсете
отырып толтырылады. «Облыс» деген жолда облыс немесе Астана, Алматы
қалалары, «аудан» деген жолда аудан (облыс немесе қала) жазылады.

Облыстық орталықтарда және облыстық маңызы бар қалаларда тұратын
шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар үшін «облыс» деген жолда облыстың коды
м е н а т а у ы к ө р с е т і л е д і .

Мысалы, Шығыс Қазақстан облысы – «1917». «Аудан» деген жолда қаланың
коды көрсетіледі, мысалы: Өскемен қаласы – «401». «Елді мекен» деген жол
толтырылмайды, ал «елді мекеннің ауданы» деген жолда Өскемен қаласы
ауданының коды көрсетіледі, мысалы: Үлбі – «367», одан кейін көшесі, үй, пәтер
к ө р с е т і л е д і .

14-жол тек тіркелген мекенжайы ауысқан кезде толтырылады.

15-жолда азаматтық алған елінің коды елдер анықтамалығына сәйкес
т о л т ы р ы л а д ы .

Формулярдың 16-жолы азаматтың отбасы жағдайына сәйкес бір, екі, үш, төрт
кодтарын қою арқылы толтырылады. Екі кодын қою кезінде жұбайлардың Т.А.Ә.
, неке қию тіркелген күні және тіркеген орган, жұбайлардың қыз кезіндегі,

Формулярдың 17-жолында 16 жасқа дейінгі балаларының Т.А.Ә. және туған күндері тиісті жолдарда жазылады. Егер азаматтың 16 жасқа дейінгі үштен артық баласы болса, онда олар туралы мәліметтер «17» жолға қосымша» деп көрсете отырып, жеке параққа жазылады, ол формулярға желімделеді.

Формулярдың 18, 19-жолдарында ата-анасының Т.А.Ә. және олардың туған күндері жазылады. Шетелдікте, азаматтығы жоқ адамда ата-анасы туралы қандай да бір мәліметтер болмаған жағдайда осы мәліметтерге сәйкес толтырылмайды. Бір немесе екі ата-анасы туралы мәліметтер толығымен болмаған жағдайда 18, 19-жолдарда «Мәліметтер жоқ» деген жазба жүргізіледі.

Формулярдың 20-жолында тұруға ықтиярхаттың, азаматтығы жоқ адам куәлігінің нөмірі және оларды әзірлеген күні, иесінің құжатты алған күні, оның қолы, сондай-ақ құжатты берген қызметкердің тегі мен қолы көрсетіледі.

Ішкі істер органдарына тапсыруға жататын құжаттарды шетелдік, азаматтығы жоқ адам жоғалтқан жағдайда шетелдіктен, азаматтығы жоқ адамнан құжаттарды жоғалтудың мән-жайын, формулярдың сыртқы жағында бос орында көрсетілетін тіркеу нөмірін, көрсете отырып, еркін нысанда өтініш алынады.

20. Құжаттарды, шетелдіктің тұруға ықтиярхатын немесе азаматтығы жоқ адамның куәлігін бергені үшін мемлекеттік баж төленгені туралы түбіртектерде формулярлардың нөмірлері жазылады. Құжаттар әзірлеуге арналған формулярларды жіберу тізілімінің бір данасы бар түбіртек салық органы ревизия жүргізгенге дейін формулярларды толтыру орны бойынша ішкі істер органдарда сақтауға жатады. Ревизия жүргізген соң бір жылдан кейін түбіртектер аумақтық ішкі істер органының ішкі тексеріс комиссиясы құжаттар үшін жалпы соманың қатаң есептілігінің бланкілері ревизиясы актілерінде көрсете отырып жояды.

21. Шетелдіктің тұруға ықтиярхаты, азаматтығы жоқ адамның куәлігі құжат алуға формуляр толтырған күннен бастап күнтізбелік 60 күн ішінде беріледі.

22. Аудандық (қалалық) көші-қон полициясы бөлімдері формулярлар толтырғаннан кейін шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға бұрын берілген жеке басты куәландыратын, сондай-ақ қызметтік белгілердің бар-жоғына Қазақстан Республикасының құжаттандырылатын халқының орталықтандырылған ақпараттық деректер базасы не болмаса формулярлар картотекасы бойынша тексерісті жүзеге асырады. Бұл ретте, барлық деректер және фотосуреттердің ұқсастығы тексеріледі.

Тексерісті жүзеге асырғаннан кейін аудандық (қалалық) көші-қон полициясы бөліністері аудандық (қалалық) ішкі істер органдарында ресімделген формулярларды жіберу тізілімін (бұдан әрі – тізілім) Нұсқаулыққа 7-қосымшаға сәйкес 4 данада жасайды, онда формулярлардың нөмірлері, азаматтың Т.А.Ә., толтыру күні, себебі, тізілімге енгізілген формулярлардың саны көрсетіледі. Бұл

ретте тізілімдер құжаттардың түрлері (шетелдіктің тұруға ықтиярхаты және азаматтығы жоқ адамның куәлігі) бойынша және одан әрі толтыру себептерінің кодтары бойынша ресімделген формулярлар бойынша жеке қалыптастырылады: « 0 7 » , « 0 9 » , « 1 0 » , « 1 1 » « 0 6 » ; « п ы с ы қ т а у » ; « т е р г е у қ а м а у ы н д а ғ ы л а р » ; «сотталғандар».

Тізілімдердің үш данасы формулярлармен бірге Ішкі істер департаменттеріне ж і б е р і л е д і .

23. Формулярларды толтырудың дұрыстығын және негізділігін тексергеннен кейін КҚПБ аудандық, қалалық бөліністерден алған тізілімдердің және формулярлардың негізінде формулярларды облыстардың, Астана, Алматы қалаларының КҚПБ-дан КҚПД-ге жіберуге аудандық (қалалық) көші-қон полициясы бөлінісінің атауын, шығыс нөмірін және аудандық (қалалық) тізілімдерді жасаған күнін, оларға енгізілген формулярлардың санын көрсете отырып, Нұсқаулыққа 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үш данада жинақ тізілім (бұдан әрі – жинақ тізілім) құралады.

Жинақ тізілімнің екі данасына КҚПБ-ның азаматтық және иммиграция бөлімінің бастығы қол қояды және аудандық (қалалық) бөліністердің тізілімдері екі данадағы қосымшасымен КҚПД-ға жолданады, жинақ тізілімінің бір данасы және аудандық (қалалық) бөлініс тізілімінің бір данасы КҚПБ-ның жеке номенклатуралық ісінде қалады.

КҚПБ-ны тексеру кезінде анықталған, қайта пысықтауға қайтаруға жататын формулярлар алып қою себебін міндетті түрде көрсете отырып аудандық, қалалық бөліністердің тізілімінен алынып тасталады және жинақ тізілімдері құрастыру кезінде ескерілмейді.

КҚПБ Қазақстан Республикасы ІІМ-нің «Іздестіру» іздестірілудегі адамдардың автоматтандырылған базасы бойынша тексерісті жүзеге асырады, сондай-ақ негізсіз құжаттандыру фактілерін анықтау бойынша жұмыс жүргізеді.

24. Аудандық, қалалық бөліністердің тізілімдердің және КҚПБ-ның жиынтық тізілімдерінің формулярлары ІІМ КҚПД-дан құжаттар әзірлеу үшін «АӨО» РМК-нің өндірісіне беріледі, одан кейін оларды КҚПБ-ға одан әрі жолдау үшін формулярлармен және дайын құжаттармен қайтарылады.

25. КҚПД-ға пысықтауға және КҚПБ-ға жіберілген қателер үшін қайтарылған формулярлар олардың аудандық, қалалық көші-қон полициясы бөлінісіне түскен күнінен бастап күнтізбелік он күні мерзімде пысықталады, одан кейін құжаттарды дайындауға жеке тізілімдермен қайта жолданады. КҚПД-ға пысықтауға қайтарылған формулярлар 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша

пысықтауға қайтарылған формулярларды тіркеу журналдарында ескеріледі.

26. Формулярлар бойынша құжаттар пысықталғаннан кейін және жазбадағы дәл еместігі бойынша «АӨО» РМК-да әзірлеуге жатады: жалпы тәртіпте – өндіріске түскен күннен бастап екі жұмыс күніне дейін.

27. КҚПБ-ға әзірленген тұруға ықтиярхаттар мен азаматтығы жоқ адамдардың куәліктерін жіберу кезінде КҚПД Нұсқаулыққа 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада қалалық, аудандық ішкі істер органдарынан Астана, Алматы қалаларының КҚПБ-ға әзірленген құжаттарды, формулярларды жіберуге тізілім (бұдан әрі – әзірленген құжаттарды жіберуге тізілім) құрайды. Бір данасы ІІМ КҚПД-де қалады, ал тізілімнің басқа данасы формулярлармен және дайын құжаттармен тізілімдерге енгізілген формулярлар мен дайын құжаттарды жіберуге «АӨО» РМК-ның ілеспе парағымен Ішкі істер департаментіне жіберіледі.

28. Формулярлармен және дайын құжаттармен КҚПД-ға түскен тізілімдер жалпы тәртіппен ішкі істер органдарында тіркеледі, аудандық, қалалық бөліністерге бөлінеді және оларға тізілімдер бойынша облыстардың, Астана және Алматы қалаларының КҚПБ-дан қалалық (аудандық) ішкі істер органдарына әзірленген құжаттар жіберуге беріледі.

29. Пысықтау бойынша «АӨО» РМК-нің ілеспе парағымен бірге құжаттарды әзірлеуге формулярлар мен әзірленген құжаттарды жіберуге тізілімдер аудандық, қалалық бөліністерде, КҚПБ-да жеке номенклатуралық істе сақталады.

30. Шетелдіктің тұруға ықтиярхатына, азаматтығы жоқ адамның куәлігіне берілген формулярлар ішкі істер органдарының арнайы картотекасында сақталады. Бұл ретте, әртүрлі себептермен ресімделген формулярлар бір шетелдіктің, азаматтығы жоқ адамның анықтамалық деректеріне тіркеледі және бірге сақталады. Шетелдіктің, азаматтығы жоқ адамның тегін ауыстыру бойынша ресімделген формуляр алфавитке сәйкес қалғандарынан жеке картотекада орналастырылады, бұл ретте, соңғы формулярда жаңа формуляр нөмірін және жаңа анықтамалық деректерді көрсете отырып, анықтамалық деректердің өзгергені туралы белгі қойылады.

Картотека оларды толтыру және ресімдеу және шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу жері бойынша ішкі істер органдарының өрт-күзеттік сигнализациясы жабдықталған, терезелері торланған, темір есікпен қапталған жеке оқшауланған үй-жайларда орналасуы қажет.

Функционалдық міндеттеріне осы жұмыстар кірмейтін қызметкерлердің картотекаға енуіне жол берілмейді.

Формулярларды картотекаға орналастыру құжаттарды иелеріне негізді беру фактісін ішкі тексеру комиссиясы тексергеннен және 2-нысанды кітаппен салыстырғаннан кейін жүргізіледі.

Формулярларды картотекаға орналастыру қатаң түрде әліпби ретімен жүргізіледі.

Тегі бірдей әріптен басталатын адамдардың формулярлары теріліп алынады және тегінің екінші әрпі бойынша, одан кейін үшінші т.с.с. алфавит ретімен орналастырылады.

Мысалы: Абдышев, Авди, Агбанов;
Базиков, Баитов, Бакта және с.с.

Тегі бірдей адамдардың формулярлары аты және әкесінің аты бойынша алфавитті сақтай отырып, ретімен орналастырылады.

Мысалы: Азаров Алексей Антонович, Азаров Алексей Артемович, Азаров Алексей Васильевич және т.б.

Формулярлардағы тегі, аты, әкесінің аты бірдей болған жағдайда туған жылы бойынша өсу ретімен, одан кейін туған жерінің қала, аудан, елді мекендері бойынша әліпби ретімен орналастырылады.

Мысалы: Баринов Аркадий Исаевич, 1963 жылы туған, Алматы қаласының тумасы;

Баринов Аркадий Исаевич, 1963 жылы туған, Балхаш қаласының тумасы;
Баринов Аркадий Исаевич, 1966 жылы туған.

Мемлекеттік тілде толтырылған формулярлар мынадай тәртіпте алфавит бойынша ұқсас орналастырылады:

Ә әрпі А әрпіне орналастырылады, одан әрі тиісінше: Ғ - Г; І - И; Қ - К; Ң - Н;
Ө - О; Ү, Ұ - У; Һ - Х.

Деректер базасында фотосуреттерді қалпына келтіру үшін КҚПД-ның, сондай-ақ заңсыз құжаттандыру фактілері бойынша қызметтік тексеріс жүргізу үшін ішкі істер департаменттерінің сұрау салуларын қоспағанда, анықтама алу, көшірмесін түсіріп алу, қызметтік белгілер қою үшін картотекадан формулярларды алуға кемінде 1 жұмыс күн мерзімге алуға жол беріледі. Уақытша алынған формуляр жұмыс күнінің соңында картотекаға қайтарылуы керек. Формуляр картотекадан уақытша алған кезде алынған формулярдың орнына формуляр алу себебі және күні, формуляр уақытша қолында болатын адамның Т.А.Ә. және лауазымы жазылған қызметкердің қолымен куәландырылған формулярдың көшірмесі салынады. Формулярды басқа мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне және өзге де тұлғаларға беруге жол берілмейді.

Формулярлар көшірмесі, олардың негізінде деректер базасы қалыптасады, сұрау салулардың бастамашыларына «Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сәйкес беріледі (жіберіледі). Шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға формулярлардың көшірмесі берілмейді.

Мемлекеттік органдардан тұрақты тұруға ықтиярхаттардың, азаматтығы жоқ адамдарға куәліктердің не болмаса олардың иелерінің қайтыс болғандығын заңсыз беру туралы хабарламалар келіп түскен кезде функционалдық міндетіне картотекалардың сақталуы жауапкершілігіне кіретін көші-қон полициясының уәкілетті қызметкері тиісті белгілер енгізу үшін формулярларды картотека бойынша тексеріс жүргізеді.

Картотекаға енгізу үшін КҚПД-дан деректер базасынан фотосуретімен, КҚПД-ның куәландырылған мөрімен ақпарат сұратылады.

31. Шетелдіктің тұруға ықтиярхатын, азаматтығы жоқ адамның куәлігін ресімдеу кезінде шетелдіктің, азаматтығы жоқ адамның ұсынған құжаттары (ұлттық паспортында) бойынша оның тегі және аты оған қажетті ағылшынша жазумен жазылады. Ішкі істер органына шетелдік, азаматтығы жоқ адам көрсетілген құжаттарға сәйкес онда ағылшын тіліндегі тегі мен атының жазылуын көрсете отырып еркін нысанда жазбаша өтініш береді. Аумақтық ішкі істер органы басшысының қолымен өтініш – «транскрипция», формулярдың сыртқы бетіне желімделеді және құжаттар әзірлеу үшін КҚПД-ге жолданады.

Бұл ретте, шетелдіктің, азаматтығы жоқ адамның тегі мен аты қалаған транскрипцияда формулярда 2,3-жолдың астында көрсетіледі. Азаматтың өтінішінің тіркеу нөмірі мен күні формулярдың сыртқы бетінде көрсетіледі және паспортты елтаңбалы мөрмен куәландырылады.

3. Бас бостандығына айыру орындарында жазасын өтеп жатқан адамдарға, қамау бұлтартпау шарасы таңдалған басты куәландыратын құжаттары жоқ айыпталушыларға құжаттар беру

32. Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан және қандай да бір себептер бойынша жеке басты куәландыратын құжаттары жоқ шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар жалпы тәртіпте түзеу мекемелерінің орналасқан жері бойынша ішкі істер органдары құжаттайды.

Формулярдағы «тұрғылықты жері» жолда сотталған адам жазасын өтеп жатқан жердің мекемесі және заңды мекенжайы көрсетіледі.

Азаматтығы жоқ адамның әзірленген куәлігі сотталғандардың жеке істерінде сақталады.

Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан азаматтығы жоқ адамдар бас бостандығынан айыру орындарынан босаған кезде азаматтығы жоқ адамның куәлігі беріледі.

33. Тергеу қамауындағы шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ жазасын өтеп жатқан адамдардың жеке басын куәландыратын құжаттары жоғалған кезде қылмыстық қудалау органы мен қылмыстық атқару жүйесінің

мекемесі құжаттардың жоғалуының мән-жайын көрсете отырып, аумақтық ішкі істер органы басшылығының атына жазбаша өтініш қабылдайды.

Жеке басын растауға арналған тексеруді және жоғалған құжаттар туралы мәліметтер беруді көші-қон полициясының уәкілетті қызметкері 30 жұмыс күніне дейін мерзімге не болмаса деректер базасындағы картотека бойынша жүргізеді.

Егер жеке басын растауға арналған тексеру және жоғалған құжаттар туралы мәліметтер беру мүмкін болмаған жағдайда деректер базасы бойынша жүргізіледі, қылмыстық қудалау органдары және қылмыстық атқару жүйесінің мекемесі бұрын жоғалған құжат ресімделген ішкі істер органдарынан елтаңбалы мөрмен куәландырылған және лауазымды адамның қолы қойылған формулярдың көшірмесін сұратады.

Құжат дайындау үшін тергеу қамауындағы, сондай-ақ жазасын өтеп жатқан адамдарды құжаттандыру туралы қылмыстық қудалау органдарының және қылмыстық атқару жүйесінің мекемелерінің өтінішімен, мемлекеттік баж төлегені туралы түбіртекпен және екі фотосуретпен бірге көрсетілген құжаттар оны қалпына келтіру үшін тиісті көші-қон полициясы бөлінісіне жолданады.

Жоғарыда көрсетілген адамдардың санатына жеке басты куәландыратын құжаттар беруге арналған формуляр олардың болатын жері бойынша тікелей көші-қон полициясының уәкілетті қызметкері толтырады.

Бұл ретте «тұрғылықты жері» – деген жолда осы адамдар ұсталып отырған алдын ала оқшаулау органының (облыс, қала, аудан, елді мекен, тергеу изоляторы, уақытша ұстау изоляторы) тұрғылықты жері көрсетіледі. Формуляр жеке басты куәландыратын құжат дайындауға оны толтырғаннан кейін келесі күні жолданады. «АӨО» РМК-да тергеу қамауындағыларға құжаттар дайындау өндіріске түскен күнінен бастап екі жұмыс күнінде жасалады. Құжаттар дайындалғаннан кейін формулярлар оларды ресімдеген ішкі істер органының картотекасына орналастырылады.

Тергеу қамауындағы адамдар күзеттен босаған немесе оған қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған жағдайда құжат иесіне қайтарылады.

4. Шетелдіктің тұруға ықтиярхаттарын және азаматтығы жоқ адамның куәліктерін алып қою, сақтау, жою

34. Егер: адамды сәйкестендіру мүмкін болмаса; оларға өзгерістер заңсыз енгізілсе немесе оған адамды сәйкестендірумен байланысты өзгерістер енгізу қажет болса; олардың қолданылу мерзімі аяқталса; олардың жарамсыздығы туралы ішкі істер органдары шығарған

қорытындымен

сәйкес

болса;

олар иесінің құқықтық мәртебесіне сәйкес келмесе жеке басты куәландыратын құжаттарды уәкілетті ішкі істер органдары алып қояды.

35. Шетелдіктің жарамсыз тұруға ықтиярхаты мен азаматтығы жоқ адамның куәлігі осы Нұсқаулықтың 42-тармағында белгіленген тәртіппен алып қоюға жән е ж о й ы л у ғ а ж а т а д ы .

36. Адамда жеке басты куәландыратын бір тектес бірнеше құжаттар болғанда, жарамдысынан басқасы түгел алынып қойылады.

37. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға шығатын шетелдіктер тұрғылықты жері бойынша тіркеуден шыққан кезде шетелдіктің тұруға ықтиярхаты ішкі істер органына тапсырылады.

38. Шет елге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктердің тұруға ықтиярхаттары, тектері, аттары, әкесінің аттары ауысумен байланысты және басқа да себептермен ауыстырылған, Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдаған, табылған, оның орынан жаңа құжаттар берілген, қайтыс болған азаматтығы жоқ адамның, сондай-ақ шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар талап етпейтін куәліктер әзірлеу күнінен алты ай өткен соң өтеледі және жарамсыз деп есептеледі, одан кейін осы Нұсқаулықтың 42-тармағында көзделген тәртіпте ж о й ы л а д ы .

39. «АӨО» РМК шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға жаңа құжаттар әзірлеу кезінде деректер базасына жаңасы шығуына байланысты алдыңғы құжатты жарамсыз деп тану туралы мәліметті автоматты түрде енгізеді. Тұрақты тұруға ықтиярхаттардың және азаматтығы жоқ адамдардың куәліктерінің иелері қайтыс болғаны туралы мәлімет АХАЖ-дың ақпараттық жүйесінен «АӨО» РМК-ның деректер базасына автоматты түрде енгізіледі.

40. Жарамсыз құжаттарды жою туралы актілер ай сайын КҚПД-ға жолданады . «АӨО» РМК деректер базасына жарамсыз құжаттарды жою актілері түскен күннен бастап 10 күнге дейінгі мерзімде түзету енгізеді.

41. Жойылуға жататын шетелдіктің тұруға ықтиярхаты, азаматтығы жоқ адамның куәлігі ішкі істер органдарында сақталады.

Электрондық ақпарат тасымалдағышты қамтымайтын жеке басты куәландыратын құжаттарды жою аумақтық ішкі істер органының ішкі тексеру комиссиясы айына кем дегенде бір рет жүргізеді. Бұл ретте, жою туралы акт жасалады, онда жоюға жататын тұруға ықтиярхаттан, азаматтығы жоқ адамның куәлігінен кесіліп алынған нөмір желімделеді және жоюға жататын құжаттың түрі, оның иесі туралы мәлімет, Нұсқаулыққа 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын жарамсыз құжаттарды жою себептері тізбеге сәйкес жойылу себебі көрсетіледі.

Электрондық ақпарат тасымалдағышты қамтитын шетелдіктің ықтиярхаты,

азаматтығы жоқ адамның куәлігі айына кем дегенде бір рет ілеспе тізіліммен, онда шетелдіктің, азаматтығы жоқ адамның анықтамалық деректерін, нөмірін, берілген күнін және орталықтанған тәртіпте жою үшін жарамсыз құжатты жою себептерін көрсете отырып КҚПД-ге жолданады.

Жарамсыз құжаттарды жою жағу жолымен ішкі істер органдарында ішкі тексеру комиссиясында, «АӨО» РМК-да жойылуға жататын құжатты одан әрі пайдалану мүмкін еместігін қамтамасыз ететін арнайы құрал-жабдықта жүргізеді .

Егер тұруға ықтиярхаттар, азаматтығы жоқ адамның куәліктер олардың заңсыз берілуі себептері бойынша жойылған жағдайда «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 49-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдауға, республикадан тыс жерге тұрақты тұруға не болмаса олардың иелерінің қайтыс болуына сәйкес жойылады, формулярларда құжаттарды жоюдың көрсетілген себептерінің бірінің акт нөмірі мен күні көрсетіледі.

